

жатқан ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейфитден Назымбекұлы Сүтжанов жөнінде, оның ғылыми шығармашылығына қатысты ойларымызды ортаға салдық. Ұлттық әдебиеттану ғылымына Мәшһүртану арқылы қосылып жатқан жаңа арналарға көз жібердік.

Жоқты тауып, барды бағалай білгенге не жетеді?!

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Тоқаев Қ-Ж . Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан (қазақ, ағылшын, араб, испан,қытай, орыс, француз тілдерінде). – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,2020. –114 б.
- 2 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті:Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы:2007.- 231 б.
- 3 Кенжебаев Б. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары.- Алматы:Қазақ мемлекет баспасы,1958.-308 б.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы.Он томдық.6-том.-Алматы:ҚАЗАқпарат, 2006. – 610 бет
- 5 Сүтжанов С. Мәшһүр мұрасы.-Павлодар:НПФ «ЭКО»-2001.-104 б.
- 6 Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті газеті, №2, 5 қаңтар 1940 ж.
- 7 Сүтжанов С.Қазақ-түркі әдеби байланыстары. Монография. –Павлодар: ПМПИ, 2005. – 204 бет.

*References:*

- 1.Toqayev K-J . Abai jane XXI gasyrdağy Kazaqstan (qazaq, agylsyn, arab, ispan,qytai, orys, fransuz tilderinde). – Nur-Sultan: L.N.Gumilev atyndağy EUU,2020. –114 b.
2. Abai dasturi jane qazirgi qazaq adebieti:Respublikalyq gylimi-teorialyq konferensia materialdary. –Almaty:2007.- 231 b.
3. Kenjebaev B. Kazaq halqynyn XX gasyr basyndağy demokrat jazusylary.-Almaty:Kazaq memleket baspasy,1958.-308 b.
- 4 Kazaq adebietiniñ tarihy.On tomdyq.6-tom.-Almaty:Kaz aqparat, 2006. – 610 bet.
- 5 Sutjanov S. Maşhur murasy.-Pavlodar:NPF «EKO»-2001.-104 b.
- 6 Margulan A. Kazaq adebieti gazeti, №2, 5 qañtar 1940 j.
- 7 Sutjanov S.Kazaq-turki adebi bailanystary. Monografia. –Pavlodar: PMPİ, 2005. – 204 bet.

**МРНТИ 17.82.30**

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.05>

\*Әбдіғазизұлы Б.,<sup>1</sup> Атолла Қ.Қ.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,  
Атырау, Қазақстан

<sup>1</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор, [b.abdigaziuli@mail.ru](mailto:b.abdigaziuli@mail.ru)

<sup>2</sup>магистр, [atolla@mail.ru](mailto:atolla@mail.ru)

## ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ ТҰТАСТЫҒЫ

### *Аңдатпа*

Оралхан Бөкей әдебиет әлемінде өз қолтаңбасы бар дара тұлға. Адам мен табиғатты астастыра суреттеу арқылы, қоғамдағы шындықты, теріс пиғылдарды, адам бойындағы асыл қасиеттерді дәлме-дәл көрсетіп отырады. Өзгеше мәнермен көркем сөздің көркін ашқан қаламгер. Өр Алтай десе, ойымызға бірден Оралхан Бөкей оралады. Тамылжыған тылсым табиғатты суреттеуі, оқырманның көз алдына әдемі бейнені беруі, сөз саптауы өз замандастарынан ерекшелендіре түсті. Мақалада Оралхан Бөкей шығармаларындағы адам мен табиғаттың қарым-қатынасы, оның тұтастығы мәселелері қозғалады. Жазушының өмірі мен шығармашылығы сөз етіледі. Адам баласының басындағы жағдайларды табиғат құбылыстарымен байланыстырудағы жазушы шеберлігі талданады. “Атау кере”, “Мұзтау”, “Сайтан көпір” повестеріндегі Өр Алтай, табиғат құбылыстарын суреттейтін үзінділер талдауға алынып, адам мен табиғаттың тұтастығы дәлелдене түседі.

**Түйін сөздер:** адам, табиғат, Оралхан Бөкей шығармалары, шеберлік, суреттеу, повестерін талдау, қаламгер ерешелігі

*\*Abdygaziuly B.,<sup>1</sup> Atolla K.K.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Abai Kazakh National pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> Atyrau University named after H. Dosmukhamedov,  
Atyrau, Kazakhstan*

*<sup>1</sup> doctor of philology, professor, b.abdigaziuli@mail.ru*

*<sup>2</sup> master's degree, atolla@mail.ru*

## THE INTEGRITY OF MAN AND NATURE IN ORALKHAN BOKEI'S WORKS

### *Abstract*

Oralkhan Bokei is a unique person who has his own style in the world of literature. He describes accurately the truth of society, evil intent and noble qualities in human being by combining descriptions of nature and man. He is the writer who showed the charm of literary words with his own unique style. When mentioning the great Altai, we immediately think of Oralkhan Bokei. His sensual descriptions of the mysterious nature, his ability to create a beautiful image in reader`s mind, the style of speech set him apart from his contemporaries. The article deals with the relationship between man and nature, and their unity in Oralkhan Bokei`s works. Writer`s life and works are described. Writer`s skill in connecting situations in human`s life with natural phenomena is analyzed. The excerpts describing the Great Altai and natural phenomena were taken from the stories “Atau kere”, “Muztau”, “Saitan kopir” and analyzed, the integrity of man and nature is proven.

**Key words:** man, nature, Oralkhan Bokei`s work, talent, description, story analysis, specificity of the writer.

Абдигазиулы Б.,<sup>1</sup> Атолла К.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Атырауский Университет имени Х. Досмухамедова,  
Атырау, Казахстан*

<sup>1</sup> *доктор филологических наук, профессор, b.abdigaziuli@mail.ru*

<sup>2</sup> *магистр, atolla@mail.ru*

## ЕДИНСТВО ЧЕЛОВЕКА И ПРИРОДЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ОРАЛХАНА БОКЕЯ

### *Аннотация*

Оралхан Бокей личность, которая имеет свой почерк в мире литературы. Через объединение описания природы и человека, удивительно четко показывает правду, творящуюся в обществе, негативные и позитивные черты характера человека. Это писатель, открывший прелесть литературного слова своей неповторимой манерой изложения. При упоминании великого Алтая, на ум сразу приходит Оралхан Бокей. Его чувственные описания загадочной природы, умение создать красивый образ, стиль речи отличает от своих современников. В статье говорится о взаимоотношениях человека и природы, их единства и схожести. Рассматривается талант писателя в умении сопоставить ситуации в жизни человека с природными изменениями. В повестях «Атау кере», «Мұзтау», «Сайтан көпір» были взяты отрывки описания природных явлений Великого Алтая, было доказано единство человека и природы.

**Ключевые слова:** человек, природа, произведения Оралхана Бокея, талант, описание, анализ повести, особенность писателя.

**Кіріспе.** Есімі өзімізге де, өзгеге де белгілі Оралхан Бөкей – поэзия мен проза жанрларын сәтті ұштастыра білген жаңашыл жазушы, драматург. Шығармаларының астарында үлкен мағына жатқандықтан бірнеше мәрте оқуға тура келеді. Сөз өнерінің шебері Кеңес кезіндегі әдебиетті жаңаша бағытта алып келді. Көбінесе мифтік оқиғаны, романтикалық пен реалистік желіні ұтымды пайдалану арқылы оқырманын өзіне баурай алды. Оралхан Бөкей туып-өскен ортасын, елдің тұрмыс-тіршілігін, сол заманның шындығын әсерлі ете отырып, шебер бейнелейді. Әр әңгімесін оқығанда адам психологиясын терең зерттегеніне көз жеткіземіз. Адамды бағалау, адамгершілік қасиеттердің жоғары болуы сынды мәселелерді бірінші орынға қояды.

Жазушының көптеген әңгімелері – лиризмге бай. Ол - тек қазақ әдебиетінен ғана емес, әлем әдебиетінің тарихынан да орын алып, өзін дәлелдеген алып жазушы. Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі. Аудармашы, редактордың орынбасары сынды журналистикада түрлі қызметтер атқарған. Әдебиетте ешкімге ұқсамайтын өзіндік өрнегі бар. Оқырманын да осынысымен таңқалдырады. Өз заманының бейнесін, қатарластарының мұңын, қуанышын шынайы суреттеп береді. Бұл турасында Оралхан Бөкейдің өзі де былай деп айтқан: “Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын” [1, 4].

**Әдістеме.** Сөз шебері Оралхан Бөкей Катон-Қарағай ауданының ең тамаша жерінде орналасқан Шыңғыстай ауылына ерекше құрметпен қарады. Сол себепті өзінің

туындыларында туған елінің, баға жетпес мекенінің әсем табиғатын және қарапайым халқын, тұрмыс-тіршілігін қаламына арқау етіп, бүкіл әлемге паш етті.

Ең алғаш тұңғыш жинағы “Қамшыгер” атты повестер мен әңгімелер жинағы. Алматыда жарық көрген бұл туынды жазушы есімін көпшілікке таныстырды. Кейіннен басқа да еңбектері өз оқырманына жол тартты. Атап айтатын болсақ, “Үркер”, “Қайдасың, қасқа құлыным”, “Мұзтау”. Кейбір жинақтары орыс тіліне аударылып, ұсынылды. Сонымен қатар, жазушының туындылары словян, венгер, эстон, украин, қытай, неміс, араб, жапон және ТМД елдерінің тілдеріне аударылған. Бірқатар шығармалары Мәскеудің “Молодая Гвардия”, “Советский писатель”, “Прогресс”, “Художественная литература”, сынды баспаларында жарияланған. Орыс халқы жазушыны “Театр”, “Дружба народов” журналдарында жарық көрген туындылары арқылы танитын. Жазушының шығармаларына орыс тіліне қазақ және орыс жазушылары аударма жасаған. Атап айтар болсақ, “Человек – олень”, “След молнии”, “Снежная девушка”, “Ардақ”, “Олиара”, “Отте-пель”.

**Нәтижелер.** Бала күнінен-ақ өзінің жазушы болғысы келетінін айтып жүреді екен. Әдеби кітаптарды көп оқып, шешен сөйлеген. Ауылда түрлі әдеби кештер өткізген. Қазақ жазушыларының ішінде Сұлтанмахмұт пен Бейімбетті өзіне үлгі санаған. Ұстаздары да болашақ жазушының сөз өнерінен құр алақан емес екенін бірден байқап, қабырға газетінің редакторы етіп сайлаған. Үлкен арман алға жетелеп, Өр Алтайдың әсем табиғатының суретін сөз арқылы сала отырып, қазақ прозасын биікке көтерді. Расымен, Ару Алтай дегенде ойға ең бірінші Оралхан есімі оралады. Өр Алтай мен Оралханның астасып жататынын Қасым Қайсенов дәл жеткізеді: “Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес құзар шыңдарындай биік еді! Заңғар тауларынан құлап аққан өзендеріндей тасқын еді. Тауларының сілемдерін жайлаған ерке еліктеріндей елгезек еді. Өркеш-өркеш тастарындай ірі еді. Қалам сілтеген алыптардың бірі еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді”. Көркем сөздің хас шеберін бекерден бекер “Алтайдың кербұғысы”, “Мұзтаудың Мұзбалағы” атамаған.

Әдеби жүлделердің де барлығын дерлік иемденген. Өз замандастары ортасында да қырық жасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алған. Пьесалары әр облыс театрларының сахнасынан түскен емес. Өзге мемлекеттің сахнасында да қойылғаны бар. Мұның бәрі жазушының небәрі 49 жасына дейін ғана жеткен жетістіктері мен жинаған абыройы. Оралхан Бөкей мүшел жасында дүниеден өткен.

**Талқылау.** Әдеби зерттеулерге қарасақ, қаламгерді әдебиет әлеміне алып келген – поэзия жанры. “Алтай” өлеңін оқушы кезінде жазған. Кейіннен “Еңбек туы” газетінде жарияланады. Жазушыны сөз өнеріне жетелеген осы бала арманынан туған шығармашылығы еді. Бала кезінен әкесіне еріп жүріп, туған жердің табиғатына қанып өскен. Сондықтан болар, төрт мезгілде де Алтайға барып, шығармаларының көбісін көркем табиғатқа сүйсіне отырып, Шыңғыстайдағы үйінде жазған екен. Туған елге деген сүйіспеншілігін, әр жусанына дейін шебер суреттейді. Өр шығармасында еркін көсіліп, құлашын кеңге жаяды. Табиғат пен адамзат баласын бөліп жаруға болмайтынын дәлелдей түседі. Оқырман шын сұлулықты бар болмысымен қабылдайды. Әңгіме, роман, пьесаларындағы түрлі-түрлі кейіпкерлерді бір-бірімен салыстыратын болсақ, бәрі өз алдына шедевр образ. Бір біріне ешбір мінез тұрғысанан да ұқсамайды. Өзіндік пікірлері бар әртүрлі адамдар. Өзі сияқты ерекше, әрқайсы жұмбақ әлем. Жазушының ерекшелігі, кейіпкерлерінің қазақы қалпын, мінезін айқын көрсетеді. Жазу мәнері жастарды ерекше баурап алды.

Жазушының шығармаларын оқығанда өзіндік қолтаңбасы бар екенін бірден байқаймыз. Оқырманына нені жеткізгісі, нені айтқысы келсе де өзінше өрнектейді, өзінше бейнелейді. Маржандай тізілген сөздері мірдің оғындай. Тіліміздің қасиетін жүрегімен ұғынып, нақышына келтіріп, ойын айшықты жеткізуі табиғи дарындылығының бірден бір айғағы.

Ой тереңдігімен, идея сонылығымен танылған “Терісаққан”, “Қамшыгер”, “Кербұғы”, “Бура” атты шығармалары өмірге, табиғатқа көқарасы тұрғысынан жазылған. Философиялық ой-тұжырымдар басым. Кез келген шығармасында жазушы өз басындағы хал-ақуалды кейіпкері арқылы көрсетеді.

Жастықтың жалынына толы “Қайдасың, қасқа құлыным” повесі лиризмге толы. “Елең-алаң” шығармасы адам жанының өзгеше бір күйінен хабар береді. “Апамның астауы” әңгімесінде әйел баласының қасиетін ерекше жеткізе білген. Қазақтың этнографиялық, этикалық байлығының түп-тамырын осы әйел бейнесімен тығыз байланыстырады.

“Жесірлер”, “Арысын тосып әлі отыр” топтама әңгімелері соғыс жылдарындағы ауылда ауыр бейнет көрген әйелдердің тағдырын суреттейді. Бұл тақырыпта қалам тербеменген жазушы жоқ шығар. Алайда жазушы өз мәнерімен, өз даралығымен әсерлі жеткізеді. Келіншек Мағрипаның ерін асыға күткен сәттерін жүрек қозғарлық сөздермен тебіrentіп тұрып, оқыған адамға әсер етпей қоймайды. “Жесірлер” топтамасы ерекше шабытпен жазылған. Қайсар мінезді кейіпкерлері қанша қиналса да, ар-ұяттан ешқашан аттап кетпейді. Шығарманы “бәріне де сен кінәлісің сор соғыс” деп аяқтауы да әсерлі шыққан.

“Қара сөзбен жырлаймын” этюдтері мен “Ауыл хикаялары” әңгімелерінде Алтай жерінің әсем, қараса көз тоймайтын тамаша табиғатын сөзбен кестелеп, тілмен өрнектеп тұрып суретін салып береді. Бұл шығармаларын оқып отырғанда тамылжыған табиғаттың тылсым күші, таулы аймақтың шүйгін шөптері, жайқалған гүлдерінің иісі мен саф ауасын бар жан тәніңмен сезінесің. Оқырманға тікелей әсер еткені соншалық, қолындағы кітапты жаба салып, Өр Алтайға тігінен тартып кеткің келеді.

“Ауыл хикаялары” әңгіме топтамалары қызықты оқиғалар желісіне құрылған. Бұдан бөлек адамдардың келбетін, мінезін, іс-қимылын бейнелейтін танымдық туынды. Әңгімелерді оқу барысында ауыл адамдарының басынан кешкен оқиғаларына еріксіз езу тартасың. Ауыл өмірін, ондағы тіршілікті, табиғат пен адамның байланысын шебер суреттеген жазушының бала күнінен осындай оқиғаларға қанық болып өскенін аңғарамыз. Көру, естелікпен бөлісу бір басқа, оны сөзбен дәлме-дәл жеткізіп, шебер суреттеу бір басқа. Мұның бәрі қарымды қаламгердің сөз құдыретін шынайы ықыласпен терең меңгергендігін көрсетеді.

Зерттеулерге қарасақ, бірқатар ғалымдар жазушының ешбір шығармасы жоспармен жазылған емес дейді. Тез жазатын болған екен. Қайта түзеп әуреде де түспейтінін де айтады. Бәлкім, шығармаларының жақсы шығуының ең негізгі сыры осында жатқан болар. Барлық шығармасында ортақ тақырып бар. Ол адам мен табиғат. Оның тұтастығы. Оралхан есімінің алыс ағайындарға таралу құпиясы да осы.

Табиғатты суреттеу – кез келген шығармада маңызды рөл атқарады. Көркем әдебиетті зерделейтін болсақ, қоршаған ортаны, табиғатты суреттеуде баяғыдан қалыптасқан шаблондар жетерлік. Қоғам мен адамды, табиғат пен кейіпкерді байланыстыру, оны шығармада шегіне жеткізіп бейнелеу әдебиеттің рухани өзегі. Адам мен табиғаттың бір-бірімен астасып жататын ұғым екендігін көрсетуде Оралхан Бөкейдің дүниетанымын, өмірге көзқарасын, табиғатты қабылдау философиясын аңғаруға болады. Дүниетаным – қаламгердің ортаға, қоғамға, табиғатқа деген көзқарасының қалыптасқан жүйесі. Жазушы дүниетанымының өзгелерден ерекшеленуінің себебі адам мен табиғат біртұтас бірлікте болады.

Жазушы адамды табиғаттың өгей баласындай деп бейнелейді: “Адамнан өткен қаскөй не бар екен бұл жалғанда: ендеше, табиғатқа біздерден өгей ештеңе де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді жасқана жасырамыз, жанталаса қорғаймыз. Өгейлігімізді білдірмес үшін арпалысып мұқым жер-жаһан, ұшқан құс, жүгірген аңға өктемдігімізді жүргіземіз. Адам баласы жаратылыстан бәрін-бәрін алып, тауысуға

айналды, ал өзіміз не бердік табиғатқа. Түк те берген жоқпыз. Адам баласы жаратылыстың астын тыңдап, үстін шындап зерделеп, танып білді, тек қана өздерін өзі зерттеп, дөп басып, тани алмай жүр”. Табиғатта барлық жаратылыс мәңгілік үйлесім үшін жаратылған. Бұл турасында: “Аспан жер үшін, жер су үшін, су жан-жануар, құрт-құмырсқа үшін, тіпті, тоғай екеш тоғай да бармақтай торғай үшін жаратылған. Бірінсіз екіншісінің тіршілігі тоқталады. Табиғат адамсыз тіршілік құра алады, ал адам табиғаттан тысқары өмір сүре алмайтыны рас болса, неге ғана мына қар астындағы қара жер, анау жұлдызды аспан адам баласына табыну керек” дейді [2, 163].

Оралхан Бөкейдің “Сайтан көпір”, “Қар қызы”, “Атау-кере”, “Құм мінезі” повестерінде адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас түрлі оқиғалар желісімен шиеленісіп жатады. Қоғамдағы теңсіздіктің, әділетсіздіктің себебін табиғаттың өзінен іздейді. “Қалай өмір сүру керек?” деген сұраққа жауап беруге тырысады. Адамның табиғаттағы орнын, рөлін анықтауға көңіл бөледі. Жазушы шығармаларында кейіпкерлер екі топқа бөлінеді. Бірі өзінің өмір сүру миссиясын да білмейді, өмірге келудегі мақсатын түсінбейді. Екінші тобы үстемдікке ұмтылады. “Құм мінезі” повесінде осы айтылған топтың біріншісіне жататын Барханның өмір жолы бейнеленеді. Бархан – өз шаруасына пысық, алғыр, өте адал, арзан атақ-құрметке қызықпайтын қарапайым адам. Қаламгер осындай адамдарды бере отырып, басқалар өздерінің кемшілігін түсінсе екен деген ниет танытады. Бархан жұрттың көзіне онша түсе бермейтін кейіпкер. Құм арасында өз әлемі бар, құмның бір бөлшегі іспеттес. Жазушы табиғатты “долдандыру” арқылы Барханның рухани сілкінуін көрсетеді және санасын оятады. Жеке тұлға ретінде қоғамға қарсы шығып, әділетсіздікке қарсылығын білдіреді. Жазушы адамды тәубесіне келтіретін дүние табиғат қаталдығы деп көрсетеді. “Мұзтау” хикаясындағы Ақтан әділетсіздіктен қашып, табиғат аясына барса, “Құм мінезіндегі” Бархан, керісінше, сол әділетсіздікті басынан кешіріп жатқан адам.

Оралхан Бөкейдің “Атау кере” романының атауы бірден адамды елең еткізеді. Себебі “атау кере” тіркесі адамдардың күнделікті қарым-қатынасын да көп қолданыла бермейді. Бұл повесть адамзатқа қатысты проблеманың бәрін көтереді. Шығармадан реалистік те, мифтік те сипат байқалады. Жазушы адамдардың өмірін аралар мекеніне ұқсатады. Шығармадағы Шал да, Таған да қоршаған ортада орын алған адамның әлсіреуінен шығар жолды іздейді. Табиғат аясында қалудан басқа амалды таппайды. Тағанның табиғат туралы ойларын автор былайша өрбітеді: “Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол-әмісе әдемі, әмісе сүйкімді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап – арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені оның (табиғаттың) жүрегі таза” [3, 98]. Бұл шығармада жазушы өзі туып өскен сұлу Алтайдың әдемі табиғатын ерекше суреттеу арқылы, балалығы өткен мекеннің құдыреттілігін тағы да бір дәлелдегендей. “Күн шығыстың бар асылын, бар байлығын, бар сұлулығын өн бойына дарыта жинақтаған асқар-асқар тауларын, асу-асу белдерін, телегейінен тентектігі басым ерке өзендерін, ат омыраулатып жарып жүре алмайтын жасыл шалғын кең жайлауын, кермарал кербез елігін, мамырлай жүрген аққу-қаздарын татсаң, таңайда қалар балымен ақ балтыр ару қайың, қайсар қарағайын – ия,ия осылардың қадір-қасиетін түсініп, сезіміңізді селт еткізе алмасаңыз... онда тыңдаңыз...” [3, 102]. Осындай жүрек түкпірінен шыққан сөзді тек туған жеріне жауапкершілікпен қараған адам ғана шынайы бейнелей алары сөзсіз. Мұндағы суреткердің басты ерекшелігі сұлулықты сезіне біліп, кез келген қарапайым дүниенің біз байқай бермейтін әдемілігін айшықтап, оны шарықтау шегіне жеткізіп жазу.

“Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде, тіпті кейіпкерлерімен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Бөкеев – туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы” [4, 161], - деп зерттеуші ғалым Р.Сыздықова баға береді. Күннің жарқыраған сәулесі, асқақ таулардың паңдығы, тентек

өзендердің дыбысы қаламгер назарынан тыс қалмай, шығармаға ерекше көркемдік беріп тұр. Шығармада табиғат құбылысының барлығы дерлік кездеседі десек қателеспейміз. Тек соны сипаттаулар мен көркемдеуіш құралдар арқылы жеткізіп отырған. Құдды табиғатты тірі жан сияқты сипаттайды.

“Атау кере” шығармасында табиғат екі бағытта суреттеледі. Біріншісі, табиғаттың еш боямсыз таза өз келбеті, екіншісі ішімдікке салынған Тағанның жан дауасын жарқыраған Алтайдан табуы. “Ойды ой қуалап, біраз жерге келіп қалған екен... өрге қарай жүргендіктен еңтігіп, шаршау тартқанын сезді. Ал дегенде көзі шағылысып жасқанып қалған Таған көз үйрете келе сілейе қарады. Ол Мұзтаудың нақ қазіргідей тыр-жалаңаш, асқақ та асау, сұлу, бар бітімін жоғалтпай, тұтас тұлғасын жарқырата ашқан күйінде тұңғыш көруі. Айналайын, табиғат ием-ай, тамашаң қандай көп еді” деп, көзі жасаурап отыра кетті. Ол шын шаттана қуанған, шалқып тебіренген, мынау дүниеге жаңа келгендей, немесе әлемдегі ең асылын тапқандай, бала көңіл, сәби жүрек, сабырлы ақылмен туған жерінің көркемдігін сонырқаған; саумал ауа, таза көріністің бәр-бәрін жұтына жұтып, ішіп тауысардай таусаған... “Табиғат жаратқан алқам-салқам болмайды, ол – әмісе әдемі, әмісе сүймейді, әрі шыншыл, әрі ақылды, сондықтан да адамдар секілді қателеспейді. Табиғат – мәңгілік тірі, өтірік айтпауды, алдап-арбамауды табиғаттан үйрену керек, өйткені ОНЫҢ, [табиғаттың] жүрегі таза. Табиғат бізді алдаған емес, тек өзімізді өзіміз ғана қан қақсатамыз, қан жоса қыламыз. Табиғат қате жібермейді, егер “ақымақты” дүниеге келтірсе, онда сол ақымақтың да бір нәрсеге қажет болғаны; Табиғатта АДАМНАН басқа артық нәсте жоқ, тек БІЗДЕР ғана жаратушының гармониялық берік байланыстағы тізбегіне кіре алмаймыз...” [5, 119]. Автор Тағанның ойын осылай жеткізеді. Кейіпкердің жан дүниесін, дүиетанымын табиғат құбылыстарымен байланыстыра суреттеу жазушы шығармашылығының өзіндік даралығы болып табылады.

Оралхан Бөкейдің тағы бір шоқтығы биік шығармасы “Мұзтау” повесі. Бұл повесть әдеби сыншыл ортада көп талас тудырған. Бұл турасында жазушы Дидахмет Әшімхан былай дейді: “Ол (повесте) хақында әркім өз өресінің биігінде ой толғайды. Бұл заңды да. Басты себеп – шығарма табиғатының күнделікті әдеби дәстүр тұрғысынан қарағанда көзге алабөтен көрінуі болса керек. Шығарманың алабөтендігі оның романтикалық қасиетінде жатыр. Жазушының өз туындысын “Соңғы ертең” деп атағаны сөзімізге дәлел болғандай” [6, 121].

Шығарманың басты кейіпкері Ақтан – жаны таза, табиғатпен етене жақын, арманшыл, ойлы адам. Өзінің ортасында оның мінезі, іс-әрекеті ешкімге ұнамайды. Ақтанды ешкім түсінбегенмен, ол табиғатпен үнсіз тілдеседі. Басты кейіпкердің ішкі күйі, мінезі, әрекеті табиғатпен астастыра суреттелген. Табиғат түнерсе, оның қабағынан қар жауып тұрады. Далада күн сәулесін төгіп тұрса, Ақтанның “көңілі қунақ”.

Кейде табиғат та адам сияқты болып кетеді, яғни адамша әрекет етеді. Мәселен мына үзінді осы ойымызды дәлелдей түседі: “Ақбұлаққа аздап желік пайда болыпты. Ұдайы үш күн жауған нәсердің шапағаты тисе керек, езуі көпіршіп тұлан тұта есіріп жатыр, кеше ғана орта беліне дейін судан шығып дөңкиген дүбілез қара тас жоқ, тек үстінен ақжал толқындар ғана ар-ұр секіріп, билей һөтеді. Ашамайланып кеткен терең шатты азан-қазан күн жайлаған. Телі тентек өзеннің долы сарыны тыңдап сілтідей тынып мең-зең тұр. Өзінен басқа бұрсанып шам шақырар тіршілік иесі жоқтығын сезген өзен бұлдана бұрсанып шаптығады” [3, 296]. Кейіптеулер мен эпитеттердің қолданылу аясы, рөлі ерекше.

Шығармада Ақтан шыңырауға түсіп өмір мен өлім арасындағы ауыр жағдайды басынан өткізеді. Шығып өмір сүру үшін күреседі. Үңгір қанша суық болса да, көк аспаннан мейірімділік білінеді. Мұзтау алтындай жарқырап, көзге шағылысады. Мұның барлығы Ақтанның өмірге деген күштарлығын оятады. Ақтан әкесінің өлігін аттап шықса да, сол қапастан тірі шығар рухани күш-жігерді тылсым табиғаттан алады. “Тәңірім-ау,

кандай ыстық еді мынау қар, не деген түпсіз де мөлдір аспан! Айналайын күнім, сенің нұрың шығар мені мұз үңгірден алып шыққан! Тәңірім-ай, қарағай мен самырсынның иісінен артық не бар екен жалғанда! Бисмилла, оразамды тіршіліктің ақша қарымен ашайын. Осындай да тәтті қар барын қалай сезбегенмін... Құдай-ау, тіршіліктің осыншалық ғажайыптығын, осыншалық сұлулығын қалай ғана көрмей келгенмін! Аспан! Күн! Орман! Адам!” [3, 308], - деген Ақтанның жан тебіренісі табиғат құбылысымен, табиға жаратылысымен тікелей астасып жатыр.

Жазушының табиғаттағы әрбір деталді суреттеуінің өзі ерекше. Мысалы “Шарадай төңкерілген аспан, жадырай күлген күн, Жарқырай тұнған орман, мынау аппақ қар... ит мініп, ирек қамшылап кетсең де қара жердің үстін басып жүргенге не жетсін. Түп-тұнық көк әлемі, - тұнығы шайқалмаған көңілдей еді. Аппақ қарын айтсаңшы – аппақ қарын” [3, 310]. Қара жердің қасиетін ұғындырады, қоршаған ортаның әсемдігін көз алдыға әкеледі.

Шығармада табиғатты, ондағы құбылысты суреттеген сайын, кейіпкердің образына еніп, оқиға ішінде жүргендей күй кешесің. “Аппақ боп таң атып қалған екен. Бұрыш-бұрыштағы ұйыған алакөлеңке болмаса, алақандай терезеден саулаған сәуленің өзі көз қарықтырғандай. Осындай кіп-кішкене терезеден Мұзтаудың аспанмен астасып тұрар ұшпа басы көрінетін. Ақтан таңертең ояна сала ақшағыл арманындай күміс шоқыға қарайтын. Егер басын тұмшалаған бұлт қап-қара болса, ауа-райының бұзылғандығы; ал әлгі бұлт мақтадай ұйпаланып жатса, күннің айнадай ашықтығы. Қазір ақ мақта бұлтқа күн нұры түсіп қан көбіктеніп тұрған” [3, 313] деп Мұзтаудың көркем жаратылысын одан әрмен қанық ете түседі. Табиғаттың адасқан адамға демеу болғанын аңғарамыз.

“Мұзтау” шығармасының аяқталуының өзі ерекше. Мұнда да тамылжыған табиғаттың бір бөлшегін суреттеуді қосады: “Не деген түп-тұнық аспан – тұнығы шайқалмаған көңілдей! Не деген тамылжыған дүние – аппақ дүние!” [3, 315].

Ойлы сөздің оғланы болған Оралхан Бөкейдің өзіндік қолтаңбасын айқындайтын тағы бір шығармасы – “Сайтан көпір”. Бұл туындының негізгі идеясы Жақсылық пен Жамандықтың бітпейтін күресі. Жақсылықты Аспан, Жамандықты Жаңғырық, Айқай, Анау бейнесі арқылы сипаттайды. Осы жерде Жақсылықты Аспан бейнесі арқылы беруінің өзінде логикалық ой жатыр. Аспан тым биік, жүзі ашық, ешкім де жаба алмайды. Жақсылық та осындай қастерлі ұғым. Жазушының пікірінше, табиғат қаталдығы – қажет нәрсе. Оқырманын жаманнан жиренту үшін, жақсылықтың жолы қашан да қиын болатынын күрес арқылы жеткізеді. Адам мен табиғаттың арпалысы ой-қиялыңды шарықтатып Алтайға сапар шектіреді. Сайтан көпірмен кездестіреді. “Тоқылдақ кемпір” туралы аңыз “біреудің ала жібін аттама” деген қазақтың әлебін еске салып тұр. Біреуге қаншама жақсылық жасасаң, сол алдыңан бірнеше еселеніп шығады. Жазушы адамгершілік туралы асыл қасиеттерді, жеткізетін ойын халық туғызған аңыздардың астарымен бейнелейді.

“Сайтан көпір” шығармасының тылсымдық ерекшеліктері табиғат көріністерімен реалистік тұрғыда жан-жақты байланыса түскен. Оралхан Бөкей Аман ойы арқылы : “Мен көшкіннің астында қаламын. Мен ғана емес бүкіл әлемге топан су қаптайды. Табиғат ашу шақырады, ағайын! Біз адамдар, жер бетінен тып-типыл жойыламыз да мұз басу дәуірі қайта орнайды. Жаяу-жалпылы жүргендер мен бауырымен жорғалайтындар мәңгілікке ғайып болады, тек аспанда ұшып жүргенде мен жер астындағы аруақтар, тек солар ғана тірі қалады” [1, 283] деген астары терең философиялық мәселе арқылы табиғаттың қаталдығы, ашу шақыруы қоғамға керек құбылы екенін жеткізгісі келеді. Күнаһар, адамгершілігі мол адамдардың бәрін сипаттап беруде табиғаттың құбылыстарын шебер пайдалана білген. Мифтік дүниетанымды көрсететін үш әлемді жұмбақтап суреттейді. Аспанға ұшатындар таза періштелер ғана, жер астында өмір сүретіндер аруақтар. Топанның суына тұншығып жататындар күнәға батқандар. Мұндай үш түрлі әлем қазақ халқының ауыздан ауызға жеткен мифтерінде де кездеседі.



Аспан бірде аңға, бірде құсқа айналғысы кеп, Айқай, Анаулармен күреске шыққысы келеді. Мысалы “Мен түлкіге де, балыққа да айналғым келмейді, құс болып аспанға да ұшпаймын, ертекті еміп есеңгірегем де жоқ; қара жерге қада болып қағылған Адаммын! Азды дегеннің, тозды дегеннің жағына жылан жұмыртқаласын; кешегім – бүтін, болашағым – айқын, бізге барлығы жетеді, барлығы бар, бізге жалғыз-ақ нәрсе жетпейді, бізге адал дос, жақсы адамдар ғана жетпейді азайып барады. “Қызыл кітаптан” орын қалдырыңдар” [7, 264] деген Ерік ойы арқылы жақсы адамдарды да табиғат меншігі сияқты “Қызыл кітапқа” ұсынуды айтады. Қаламгер неге мұндай ойға барды. Діттеген мақсаты не деген сұрақтың болуы мүмкін. Бұған жауапты жазушының өзі береді. “Пенденің не ойлап тұрғанын, жан сарайында ненің жанып жатқанын күні бұрын білер амал-айла, құрал сайман ойлап табылған жоқ. Сол секілді табиғат иеміздің де толайым құпия-сырларын толық аша алдық па? Міне, мен жазған дүниелердің тылсымдығы әрі кейіпкерлерімнің қиялшыл да арманшыл болып келері сондықтан. Бәлкім бұл өмірде болған емес, бірақ болуы мүмкін оқиғалардың әсіресе ынтықтырарынан шығар-ау. Өз замандастарымның толыққанды бейнесін өзімді қойып, мұқым қазақ әдебиеті жасап біткен жоқ, ұмтылыстар мен ізденістер соңында жүр” [8, 33] – деп жауабын береді.

**Қорытынды.** Оралхан Бөкей шығармаларында өмір сүруге байланысты екі көзқарас бар. Біріншісі – табиғатпен тұтасып кету, адамдар қоғамынан тыс өмір сүру. Екіншісі – табиғатқа, қоршаған ортаға қамқор бола отырып, адамдар қоғамында өмір сүру. Жазушы өзінің табиғат туралы көзқарасын адамның іс-әрекетімен аша түседі. Оның шығармаларында “адам табиғаттағы артық нәрсе”. Адам баласы көбінесе табиғатты да, әлемді де бағыныдырып алатындай теріс әрекеттерге барып жатады. Жазушы табиғаттың адамнан әлдеқайда ақылды, әділетті екеніне оқырман көзін жеткізгісі келеді. Бірақ табиғат адаммен қарама-қайшылықты дамыған деп бейнелейді. Табиғат өзінше өмір сүре алады. Бірақ адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Жазушы үшін табиғаттан асқан идеал жоқ. Табиғатты сұлулықтың, тазалықтың, мәңгілік гармонияның үлгісі ретінде ұсынады. Адам табиғатқа тәуелді. Табиғат адамға тәуелді емес деген философиялық тұжырымды айтады. Адам мен табиғаттың тығыз қарым-қатынасын, мызғымас бірлігін қаламгер пантеистік сенім дәрежесіне дейін көтере білген. Шығармаларында да кейіпкердің ішкі күйі, сезімдері, дүниетанымы табиғат құбылыстарымен қатар алынып отырады. Оралхан Бөкей шығармашылығы әлі де зерттеуді қажет етеді. Туындыларын талдай отырып адам мен табиғатты біртұтас әлем ретінде бергенін анық көреміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1994. - 1 т. – 496 б.
2. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. Алматы, 1984
3. Бөкеев О. Атау-кере. – Алматы: «Ан Арыс», 2010. – 302 б.
4. Сыздықова Р. Сәйкестік. – Алматы: «Жазушы», 1984. – 177 б.
5. Бөкей О. Шығармалары. Повестер. – Алматы: Ел шежіре, 2013. – 384 б.
6. Әшімханұлы Д. Таланты ерен, табиғаты бөлек-ті // Оралхан. – Алматы: Өнер, 2000. – 312 б.
7. Әлмұқанова Р. Құбылу сарыны және кентаврлар // «Қайнар» Университетінің хабаршысы, - 2010. - №3/2. – 277 б.
8. Отарбаева Ф.Н. О.Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі мифтік танымның көркемдік-идеялық қызметі // ҚазҰУ хабаршысы, - 2015. №3. – 183 б.

References:

1. *Bokei O. Eki tomdyq tandamaly shygarmalary. – Almaty: «Jazyshy», 1994. - 1 t. – 496 b.*
2. *Bokeev O. Bizdin jaqta qys uzaq. Almaty, 1984*
3. *Bokeev O. Atay-kere. – Almaty: «An Arys», 2010. – 302 b.*
4. *Syzdyqova R. Saikestik. – Almaty: «Jazyshy», 1984. – 177 b.*
5. *Bokei O. Shygarmalary. Povester. – Almaty: El shejire, 2013. – 384 b.*
6. *Ashimhanuly D. Talanty eren, tabıgaty bolek-ti // Oralhan. – Almaty: Oner, 2000. – 312 b.*
7. *Almuqanova R. Qubyly saryny jane kentavrlar // «Qainar» Yniversitetinin habarshysy, - 2010. . - №3/2. – 277 b.*
8. *Otarbaeva G.N. O.Bokeidin «Saitan kopir» povesindegi miftik tanymnyn korkemdik-ideialyq qyzmeti // QazUY habarshysy, - 2015. №3. – 183 b.*

MPHTI 17.82

<https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.06>

\*Tsui Ts.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Abay Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan  
2nd year doctoral student, cui@ mail.ru*

## LINGUISTIC FEATURES OF RUSSIAN FOLK TALES

### Abstract

Russian folk tale surprises with its rich vocabulary, colorful turns, and unusual stylistic methods. In order to plunge into the world of the Russian folk tale, in this article, we will analyze each feature separately and highlight more indicative features in each. The tale has a generalizing idea that has been developed over the centuries. In a fairy tale, artistic thought itself plays a huge role, and this unity is created thanks to certain means: repetitions, epithets, hyperbole, antithesis and other stylistic and compositional techniques. From the point of view of their stylistic specifics, Russian folk tales are taken a particular interest. Ergis G.U. argued that not only their content but also the stylistic features of the text serve as a means of moral education of the reader. The grammatical properties of units consist of: forms of words, phrases, sentences, order of units, grammatical meanings of forms, etc.

**Keywords:** fairy tale, folk, style, vocabulary

\*Цуй Ц.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан  
2 курс докторанты, cui @mail.ru*

## ОРЫС ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Андатпа

Орыс халық ертегісі өзінің бай лексикасымен, түрлі-түсті бұрылыстарымен және ерекше стилистикалық тәсілдерімен таң қалдырады. Орыс халық ертегісінің әлеміне ену үшін, осы мақалада біз әр ерекшелікті бөлек талдап, әрқайсысында одан да айқын белгілерді